

Тіркелген

9 тамыз 2004 жылғы
Акционерлердің жалпы жиналысында
Бекітілген

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
2004 ж. 21. 09
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІркеу жүргізілді
№ 1357-1930 куәлік
АЛҒАШҚЫ ТІркелген күні 2004 ж. 01. 07

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
2005 ж. 13. 10
ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР
ЕНГІЗІЛДІ
БҰЙРЫҚ № 3-8/4443

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
2006 ж. 14. 09
ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР
ЕНГІЗІЛДІ
БҰЙРЫҚ № 2-8/663

ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАРСЫЗ
ЖАРАМСЫЗ

ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАРСЫЗ
ЖАРАМСЫЗ

«ШҰБАРКӨЛ КӨМІР»

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ

ЖАРҒЫСЫ

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
2007 ж. 27. 04
ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР
ЕНГІЗІЛДІ
БҰЙРЫҚ № 3-8/4438

ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАРСЫЗ
ЖАРАМСЫЗ

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
2007 ж. 04. 10
ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР
ЕНГІЗІЛДІ
БҰЙРЫҚ № 3-8/3191

ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАРСЫЗ
ЖАРАМСЫЗ

Қарағанды
2004 жыл

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сай әзірленді және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес бұдан әрі «Қоғам» деп аталатын «Шұбаркөл көмір» акционерлік қоғамы ұйымының құқықтық негіздерін және оның қызметтерін анықтайды.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қоғамның толық және қысқаша фирмалық атауы:

- а) Қазақ тілінде: «Шұбаркөл көмір» акционерлік қоғамы, «Шұбаркөл Көмір» АҚ;
- б) орыс тілінде: открытое акционерное общество «Шубаркуль Көмір», АО «Шубаркуль Көмір»;
- в) ағылшын тілінде: Joint-Stock Company «Shubarkol komir», JSC «Shubarkol komir».

1.2. Қоғам Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамаларына сәйкес (әрі қарай – заңнама) заңды тұлға болып есептеледі, дербес балансы, өзінің қалаған банкілерінде есеп айырысу және басқа да шоттары бар, ресми атауы көрсетілген қазақ және орыс тіліндегі мөрі бар.

1.3. Белгіленген тәртіпте Қоғамның акцияларын сатып алған шетел және қазақстандық заңды және жеке тұлғалар Қоғамның акционерлері бола алады.

1.4. Қоғам Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс аумақтарда басқа да заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына заңнамаға сәйкес қатысуларына құқылы.

1.5. Қоғам өзінің әрекеттері барысында Конституцияны және Қазақстан Республикасы заңнамаларын, сонымен бірге осы Жарғыны, акционерлердің жалпы жиналыстарының, Қоғамның директорлары кеңесінің белгіленген тәртіптегі шешімдерін басшылыққа алады.

1.6. Қоғам өзінің міндеттері, сонымен бірге өзінің контрагенттері алдында өзінің мүліктері шегінде жауапкершілікте.

Қоғам өзінің акционерлерінің міндеттемелеріне жауап бермейді.

Қоғам акционерлері Қоғамның міндеттемелеріне жауапты емес және Қоғамның әрекеттеріне байланысты шығындарға өздеріне тиесілі акциялар құны шегінде заңнамада көрсетілген жағдайдан басқа кезде жауап береді. Акционер Қоғамның мүліктері құрамына кіретін жеке объектілерге, сонымен бірге осы акционер енгізген объектілерге құқықты емес.

Қоғам өздеріне жауапкершілік алмаған жағдайда мемлекет міндеттемелері бойынша жауапкершілік бермейді, сондай – ақ мемлекет те оның міндеттемелеріне жауапты емес.

1.7. Қоғам заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде өздерінің еншілес компанияларын, филиалдарын және өкілдіктерін ашуға құқылы.

1.8. Қоғамның өзінің қызметтерін жүргізуге қажетті Қоғам Президенті бекіткен тауарлық белгісі, бланкілері, эмблемалары және басқа да деректемелері бар.

Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің өздерінің функционалдық міндеттерін орындауларына қажетті мөртабаны және мөрі бар.

1.9. Қоғам мемлекеттік тіркелген күннен бастап заңды тұлға құқықтарына ие болады.

Қоғамның қызметтерінің мерзімі шектеусіз.

✓1.10. Қоғамның мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 470014, Қарағанды қаласы, Асфальтная көшесі, 18 үй.

II. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МӘНІ

2.1. Қоғамның міндеттері негізгі қызметтен кіріс алу және оны акционерлердің мүдделеріне жұмсау болып табылады.

2.2. Қоғамның қызметтерінің түрлері төмендегідей болып табылады:

1. көмір және кен емес шикізатты қазып алу;
2. жүктерді (оның ішінде қауіпті) және жолаушыларды өздерінің кірме және темір жол транспорттары арқылы тасымалдау;
3. жағар май, көмір сату, кәсіпорындар, мекемелер және азаматтарға қызметтер көрсету;
4. жолаушылар мен жүктерді (оның ішінде қауіпті) автомобиль көліктері арқылы тасымалдау;
5. коммерциялық-делдалдық қызметтер;
6. Қоғамның мүліктерін қорғау, оның ішінде оны тасымалдау барысында да;
7. қызметкерлерінің өмірі мен денсаулықтарын қорғау;
8. ауылшаруашылық қызметтерімен айналысу;
9. қазу-жарылыс жұмыстарын өндіру;
10. прекурсорларды сақтау;
11. халықаралық жүктерді автокөліктермен тасымалдау;
12. қарапайым түйіршіктелген жарылғыш заттарды өндіру, қолдану және оны іске асыру;
13. қысыммен жұмыс жасайтын қазандықтарды, ыдыстарды және құбырларды жасау, жөндеу жұмыстарын жүргізу және оны пайдалану;
14. жарылыстан қорғалған электротехникалық құралдарды жасау және жөндеуден өткізу;
15. жарылыс-өрт қауіпті өндірістік және тау-кен өнімдерін пайдалану;
16. қазба, тау-кен құралдарын, аппаратураларды және апаттан қорғайтын бақылау жүйелеріне және көтергіш құралдарға арналған дабылдарды жасау, жөндеуден өткізу және оларға техникалық қызмет көрсету;
17. геолого-маркшейдерлік және геофизикалық жұмыстарды өндіру;
18. көмірді және кен емес рудаларды, оның ішінде көмір брикеттерін, жартылай кокс, жасанды отын, тыңайтқыштар, бояулар, щебень өндіру;
19. түсті және қара металдардың сынықтарын және қалдықтарын жинау, дайындау, сақтау және қайтадан бақыту;
20. сыртқы экономикалық қызметтер;
21. құрылыс-монтаждау жұмыстары, оның ішінде: 2-ші деңгейлі жауапкершіліктегі сыртқы инженерлік жүйелердің және ғимараттардың құрылысы, темір жолдарды салу, үйлер мен ғимараттарды күрделі жөндеуден өткізу және қалпына келтіру, сылау-сырлау жұмыстарынан басқа;
22. республикалық мәнді жолдардан басқа жолдар салу бойынша жұмыстар жүргізу;
23. жүк көтергіш механизмдерді пайдалану және жөндеуден өткізу;
24. жанар май құю стансаларын ұстау және оны пайдалану;
25. сауда және қоғамдық тамақтандыру қызметтерін ұйымдастыру;
26. көмірді және одан басқа да жүктерді мағлұмдау және кедендік ресімдеу бойынша дилерлік қызметтер;
27. құрылыс тастарын және қалдық өнімдерді іске асыру;
28. жарылғыш материалдарды сақтау;
29. қоршаған ортаны қорғау;
30. жылу энергиясын өндіру, пайдалануға беру және тарату;
31. электрлік жүйелерді және станса тармақшаларын пайдалану;
32. радиобелсенді заттармен жұмыс жасау және радиометриялық өлшеулер жүргізу;
33. дәрігерлік қызметтер;

34. қонақ үй-сервистік қызметтері ;
35. көтерме-бөлшек сауда жұмыстарын жүргізу;
36. Қазақстан Республикасы заңнамаларында тыйым салынбаған басқа да қызметтер.
2.3. Қоғам 2.2. пункттерде көрсетілген қызметтерді қолданыстағы заңдар аясында көрсетілген рұқсатнамалар мен лицензиялар болған жағдайда жүргізе алады.

III. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛІКТЕРІ МЕН КАПИТАЛЫ

3.1. Қоғамның мүліктерін негізгі қорлар мен айналым құралдары, сонымен бірге басқа да құны Қоғамның өзіндік балансына әсер ететін мүліктер құрайды.

Мүліктер Қоғамға меншіктік құқық ретінде тиесілі.

Қоғамның мүліктерін құрау көздері болып табылады:

- Жарғыға салынған акционерлердің жарналары,
- қызметтер барысында, сонымен бірге басқа да негіздемелер арқылы заңнамаларға қайшы келмей түскен кірістер,
- Шаруащылық қызметтер нәтижесінде Қоғам өндірген өнімдер,
- Заңнамаларда тыйым салынбаған басқа да көздер.

3.2. Қоғамның Жарғылық капиталы 1 533 796 000 (бір миллиард бес жүз отыз үш миллион жеті жүз тоқсан алты мың) теңге.

3.2.1. жарияланған акциялар саны 1 533 796 (бір миллион бес жүз отыз үш мың жеті жүз тоқсан алты) дана.

3.2.2. Қоғамның орналастырылған акцияларының саны 1 533 796 (бір миллион бес жүз отыз үш мың жеті жүз тоқсан алты) дана, оның ішінде:

- жай акциялар 1 433 377 (бір миллион төрт жүз отыз үш мың үш жүз жетпіс жеті) дана,

- артықшылықты акциялар 100 419 (жүз мың төрт жүз он тоғыз) дана.

3.3. Жай акциялар акционерге барлық мәселелерді шешуде дауыс беру құқығын, Қоғамның жалпы жиналысына қатысуына, жыл қорытындысына сай дивиденд алу, заңнамада көрсетілген тәртіпте Қоғам таратылған жағдайда мүліктің бөлігіне иелік құқығын береді, сонымен бірге жай акциялар немесе Қоғамның жай акцияларына айнала алатын бағалы қағаздарды артықшылықты сатып алуға мүмкіндік береді.

Артықшылықты акциялар жыл қорытындысы бойынша бір акцияға шаққанда 50 теңге көлемінде дивиденд алуға құқық береді.

Артықшылықты атаулы акцияның иесі акционерлердің жалпы жиналысында дауыс бере алмайды, бірақ Қоғамның көзбе көз жиналысына қатыса алады және күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауда қатыса алады.

Артықшылықты акциялар акционерге қоғамды басқаруға қатысуға мүмкіндік береді, егер:

1. акционерлердің жалпы жиналысы артықшылықты акцияны иеленуші акционердің құқығын шектейтін шешім бойынша мәселелерді қарағанда. Осы мәселе бойынша шешім қабылданды деп артықшылықты акция иелерінің екіден үш бөлігінен кем емес адам дауыс берген жағдайда бұл мәселе бойынша шешім қабылданды деп саналады.

2. Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды қайта құру және тарату мәселелерін қарастыра алады,

3. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер оны төлеу мерзімі белгіленген үш айға дейін мерзімде толық мөлшерде төленбейді.

3.4. Қоғам өзінің акцияларын құжатсыз формада шығарады. Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізімін құрастыруды, жүргізуді және сақтауды өкілетті орган берген лицензиясы бар және бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу қызметіне құқығы бар тіркеуші жүргізеді.

3.5. Қоғам Қоғамның жалпы жиналысының не болмаса қолданыстағы заңнамаға сай сот шешімі бойынша жарияланған акциялар санын ұлғайтуға құқылы.

Қоғамның жарияланған акциялар көлемінде орналастырылған акциялары және олардың бағамы туралы шешімдер Қоғамның жалпы жиналысымен заңнамада белгіленген тәртіппен қабылданады. Жарияланған акциялар санын ұлғайту тәртібі қолданыстағы заңнама бойынша анықталады.

IV. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ

4.1. Қоғамның органдары болып саналады:

4.1.1. Жоғарғы орган – акционерлердің жалпы жиналысы.

4.1.2. Басқару органы – Директорлар Кеңесі.

4.1.3. Атқарушы орган – Президент.

4.2. Басқа да Қазақстан Республикасы заңнамаларында көрсетілген органдар.

4.3. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жоғары органы болып саналады,

олардың құзырына келесі мәселелер кіреді:

1) Қоғамның Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) ерікті түрде қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қоғамды қайта құру немесе тарату;

3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешім қабылдау;

4) Директорлар Кеңесінің сандық құрамы мен өкілеттігінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен бірге директорлар Кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу, оның шарттар бойынша мөлшерін анықтау;

5) Қоғам аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымдарды анықтау;

6) Қоғамның жылдық финанстық есептерін бекіту;

7) Есептегі финанстық жыл бойынша Қоғамның таза пайдасын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу мәселелерін қабылдау және жыл қорытындысы бойынша дивидендтер мөлшерін бір акцияға шағып бекіту, дивидендтер төлеу датасын бекіту;

8) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешімдерді қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жағдай туған күнде қабылдау;

9) Қоғамның активтердің қоғамға тиесілі бөлігін немесе сомасының бірнеше бөлігінің жиырма бес және одан жоғары пайызын құрайтын активтерді беру арқылы басқа да заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметтеріне қатысуға шешімдер қабылдауға;

10) Қоғамның ірі келісімдер және оны жасауда Қоғамның қызығушылығын тудырған мәміле келісімдер жасау туралы шешімдерін бекіту;

11) Қоғамның міндеттемелерін өзінің меншік капиталының жиырма бес және одан жоғары пайызын құрайтын сомаға ұлғайту туралы шешімдер қабылдау;

12) Акционерлердің Жалпы жиналысын шақырту туралы Қоғамның хабарламалары нұсқасын анықтау және ондай хабарламаны баспаға беру туралы шешім қабылдау;

13) бағалы қағаздар нарқы туралы заңнамаға сәйкес Қоғамның сатып алатын акциялар құнын анықтау тәсілдемелерін бекіту;

14) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

15) акционерлерге, сонымен бірге баспасөз беттеріне Қоғамның қызметтері туралы хабарламаларды ұсыну тәртібін анықтау;

16) Есептік комиссияның сандық құрамын және оның өкілеттігі мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

17) Осы тармақтың 1, 2, 3 тармақшаларында айтылған мәселелер бойынша шешімдер Қоғамның білікті көпшілік дауысымен айқындалады. Басқа Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айырықша құзырына берілген мәселелер бойынша шешімдер дауысқа қатысқан Қоғамның акционерлерінің жалпы санының басым көпшілік дауысымен қабылданады.

4.4. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айырықша құзырына берілген мәселелерді басқа органдар, лауазымдық тұлғалар және Қоғам жұмыскерлері егер қолданыстағы заңнамаларға сай келмесе, шешпейді.

4.5. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі әрекеттеріне жататын мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының шешімдерін қабылдамауға құқылы.

4.6. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы директорлар Кеңесімен қажетті жағдайларда, бірақ жылына бір реттен кем емес мерзім ішінде шақырылады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталғаннан соң бес ай ішінде өткізілуі қажет. Көрсетілген мерзім есептегі жылда Қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда үш ай мерзімге ұзартылады.

4.7. Жылдық жиналыстан басқа барлық жиналыстар кезектен тыс болып есептеледі. Кезектен тыс жиналыстар директорлар Кеңесінің, Қоғамның ірі акционерінің бастамасымен, сонымен бірге Қоғамның ірі акционерінің талабы бойынша сот шешімі негізінде, Қоғам органдары кезектен тыс акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы талабын орындамаған жағдайда шақыртылады.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізу туралы ірі акционердің талабы директорлар Кеңесіне Атқарушы органдардың мекен-жайына жиналыстың күн тәртібі жазылған хат жолдау арқылы хабарланады. Директорлар Кеңесі көрсетілген талап хатты алған күннен бастап он күн ішінде шешім қабылдап, талап иесіне кезектен тыс акционерлердің Жалпы жиналысы шақыртылғаны туралы хабарлауы қажет. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыртуда ұсынылған талаптарға сай директорлар Кеңесі Жалпы жиналыстың күн тәртібін өзі қалаған мәселелермен толықтыра алады.

Акционерлердің Жалпы жиналысын дайындау және оны өткізуді Атқарушы орган не болмаса директорлар Кеңесі жүргізеді.

4.8. Жалпы жиналысты өткізу туралы хабарлама акционерлерге шақырылатын күннен отыз күн бұрын тираж мөлшері және таратылуы аумағы өкілетті орган бекіткен талаптарға сай келетін, баспасөзге хабарлама беру арқылы хабарланады. Қоғам қосымша акционерлерге Жалпы жиналыс өткізу туралы хабарламаны бұқараттық ақпарат құралдарында жариялау арқылы хабарлауға құқылы.

4.9. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада мына мәліметтер болуы қажет:

1. атқарушы органның толық атауы және мекен-жайы;
2. жиналысты шақыртушы тұлға бойынша мәліметтер;
3. акционерлердің Жалпы жиналысының датасы, уақыты және өткізілетін орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу мерзімі;
4. акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімдерін құрастыру датасы;
5. акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
6. акционерлерді акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдармен таныстыру;

7. Қоғамның өткізілуге тиіс акционерлердің Жалпы жиналысының датасы және уақыты, егер оның алдындағы жиналыс өтпеген болса;

Келесі жиналыс акционерлердің Жалпы жиналысының алғашқы /өткізілмеген/ бекітілген датасының келесі күнінен ерте емес мерзімде өткізілуі мүмкін.

4.10. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі туралы акционерлерге ұсынылатын материалдар дауыс беруде негізделген шешімдер қабылдауға қажетті көлемде болуы қажет. Материалдар акционерлерді таныстыруға жиналыс өткізуге он күн мерзім қалғанда дайын болуы қажет және онда Қоғамның жылдық қаржылық есебі, қаржылық есепке аудиторлық есеп, Қоғамның таза пайдасын өткен қаржылық жыл бойынша бөлу тәртібі туралы директорлар Кеңесінің ұсынысы және бір жай акцияға шаққанда Қоғамның жылдық дивиденд мөлшері, сонымен бірге акционерлердің Жалпы жиналысын өткізуші тұлғаның өзі дайындап әкелген құжаттары болуы қажет.

Қоғамның органдарын сайлау бойынша материалдарда ұсынылатын кандидаттардың тегі, аты-жөні (еркі бойынша), білімі, жұмыс орыны, соңғы үш жыл ішіндегі лауазымдық қызметтері, сонымен бірге басқа да біліктілік санатын растаушы, кандидаттың жұмыс тәжірибесі туралы мәліметтер болуы қажет.

4.11. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін Қоғамның директорлар Кеңесі құрастырады.

Қайтадап жиналыс өткізген жағдайда күн тәртібі өзгермеуі мүмкін. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін ірі акционер немесе директорлар Кеңесі Қоғамның Жалпы жиналысы өткізілгенге дейін он бес күн қалғанда қоғам акционерлері хабардар етілген жағдайда толықтыра алады.

Акционерлердің Жалпы жиналысы ашылғанда директорлар Кеңесі күн тәртібін өткізу туралы ұсыныстар түскендігі туралы хабарлауға міндетті.

Күн тәртібіне өзгерістер мен толықтырулар, егер оны енгізу туралы Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушы және қоғамның дауыс беруші акцияларының тоқсан бес пайызына ие акционерлердің көпшілігі дауыс берген жағдайда енгізіледі.

Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі жиналысқа ұсынылған Қоғамның дауыс беруші акцияларының көпшілік дауысымен бекітіледі.

Акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді шеше алмайды және ол туралы шешім қабылдай алмайды.

4.12. Акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібінде көрсетілген мәселелерді, егер жиналысқа қатысушы акционерлер тізіміне енгізілген акционерлер мен олардың өкілдері, сонымен бірге Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқылы Қоғамның жалпы алғанда елу және одан жоғары пайыз дауыс беруші акцияларына ие тұлғалар тіркеліп біткеннен кейін қарауға және ол туралы шешімдер қабылдауға құқылы.

Жиналыста кворитум болмаған жағдайда Қоғам Президенті немесе директорлар Кеңесі Акционерлердің Жалпы жиналысын қайталап шақыртуға міндетті /өтпеген жиналыс орнына/, егер тіркелу аяқталғанда Қоғамның дауыс беруші акциясының жалпы санының қырық және одан жоғары пайызына ие акционерлер тіркелген болса, оның шешімінің заң күші бар.

Кворитум болмаған себепті өтпеген Акционерлердің Жалпы жиналысын шақырту тәртібі бұзылмаса, қайталап өткізілген Жалпы жиналыс шешімі заңды болады.

4.13. Акционерлердің Жалпы жиналысы ашылу қарсаңында келген акционерлерді тіркеу жұмыстары жүргізіледі. Акционер өкілі Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге құқық беретін Қазақстан Республикасы заңнамаларындағы талаптарға сай ресімделген сенім хат көрсетуі қажет. Тіркеуден өтпеген акционер (акционер өкілі) кворитум анықтауда ескерілмейді және дауыс беруге қатыса алмайды. Акционерлердің Жалпы жиналысына Акционерлердің Жалпы жиналысының Төрағасының шақыртуынсыз келген тұлғалар қатыса алмайды.

Акционерлердің Жалпы жиналысы хабардар етілген уақытта кворитум болған жағдайда ашылады. Акционерлердің Жалпы жиналысы хабардар еткен мерзімнен бұрын, барлық акционерлер немесе оның өкілдері тіркелуден тегіс өткен, хабардар етілген және жиналыстың ашылуы уақытына өзгеріс енгізуге қарсы болмаған жағдайдан басқа жағдайларда ашылмайды.

4.13. Акционерлердің Жалпы жиналысы ашылар алдында келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жұмыстары жүргізіледі. Акционердің өкілі Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге құқық беретін Қазақстан Республикасында қолданылатын заңнама талаптарына сәйкес ресімделген сенім хат көрсетуі қажет. Тіркелуден өтпеген акционерлер (олардың өкілдері) квориум анықтау барысында есепке алынбайды және дауыс беруге қатыса алмайды. Акционерлердің Жалпы жиналысына Акционерлердің Жалпы жиналысының Төрағасының шақыртуынсыз келген тұлғалар қатыса алмайды.

Акционерлердің Жалпы жиналысы квориум болған жағдайда хабардар етілген сәттен бастап ашылады. Акционерлердің Жалпы жиналысы белгіленген мерзімнен ерте ашылмайды, тек барлық акционерлер (олардың өкілдері) тегіс тіркелген, хабардар етілген және жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсы болмаған жағдайлардан басқа жағдайларда.

4.14. Акционерлердің Жалпы жиналысы жалпы жиналыстың Төрағасын, хатшысын сайлайды. –

Акционерлердің Жалпы жиналысы Төрағасын, хатшысын сайлауда әр акционер бір дауыс бере алады, ал шешім қатысқандардың көпшілік дауысымен қабылданады.

Қоғам Президенті Акционерлердің Жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

Акционерлердің Жалпы жиналысы дауыс беру нұсқасын анықтайды – ашық немесе жасырын (бюллетень бойынша).

Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу барысында оның Төрағасы қаралатын мәселе бойынша пікір таластарды доғару туралы ұсынысты дауысқа салуға, сонымен бірге осы мәселе бойынша дауыс беру тәсілін өзгертуге құқылы.

Төраға күн тәртібі бойынша мәселелерді талқылауға құқышы тұлғалардың шығып сөйлеуіне қарсы болуына құқы жоқ, тек қана осындай баяндамалар акционерлердің Жалпы жиналысының регламентін бұзса немесе осы мәселелер бойынша пікір таластар тоқтатылса.

Жиналысқа шақырылған басқа тұлғалардың шығып сөйлеуіне жиналыстың төрағасы рұқсат береді.

Акционерлердің Жалпы жиналысы өзінің жұмысына үзіліс жариялау және оның мерзімін ұзарту бойынша шешімді, сонымен бірге Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі кейбір мәселелерді қарауды келесі күнге қалдыруға құқылы.

4.15. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру кумулятивті дауыс беру жағдайынан басқа кезде «бір акция – бір дауыс» принциптерімен жүргізіледі, сонымен бірге акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы әрбір акционерге акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу мәселелері бойынша бір дауыстан беру құқығы ұсынылады.

Дауыс беру қорытындысы бойынша есептік комиссия дауыс беру қорытындысы хаттамасын дайындайды және оған қол қойылады.

Дауыс беру қорытындысы туралы хаттама дайындалып, қолдар қойылғаннан кейін, хаттама негізінде толтырылған бюллетеньдер хаттамамен бірге тігінделіп, мөрмен расталып Қоғамның мұрағатына тапсырылады.

Дауыс беру қорытындысы туралы хаттама акционерлердің Жалпы жиналысы хаттамасымен біріктіріледі.

Дауыс беру қорытындысы акционерлердің Жалпы жиналысында жарияланады және акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін акционерлердің назарына дауыс беру нәтижесінің есебі баспасөз беттері арқылы ұсынылады.

4.16. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы Акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін үш күннен кешіктірілмей ресімделеді. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасында:

- 1) Қоғамның Атқарушы органдарының толық атауы, мекен-жайы;
- 2) Акционерлердің Жалпы жиналысының датасы, уақыты және өткізілген жері;

- 3) Акционерлердің Жалпы жиналысына ұсынылған Қоғамның дауыс беретін акциялар саны туралы мәліметтер;
- 4) Акционерлердің Жалпы жиналысының кворумы;
- 5) Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің Жалпы жиналысындағы дауыс беру тәртібі;
- 7) Акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасы және хатшысы;
- 8) Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып сөз алған тұлғалар;
- 9) Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің әр мәселесі бойынша дауыс берген акционерлердің жалпы саны;
- 10) Дауыс беруге қойылған мәселелер мен осы мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы;

11) Акционерлердің Жалпы жиналысында қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Жиналыс хаттамасына Жалпы жиналыстың төрағасы, хатшысы, Қоғамның дауыс беретін он және одан жоғары акцияларының иелері және акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан акционерлер мен олардың өкілдері қол қояды

Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындысы бойынша қол қойылған хаттамамен, Жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығын беретін сенім хаттармен, сонымен бірге бірге қол қойылмаған себебін жазбаша түрде көрсеткен түсініктемелермен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттар Қоғамның Атқарушы органында сақталады және кез келген уақытта акционерлерге танысуға ұсынылуы тиіс. Акционердің талабы бойынша оған акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

4.17. Қоғамның директорлар Кеңесі Қоғамның осы Жарғы арқылы акционерлердің Жалпы жиналысының және Президенттің айырықша құзырына ұсынылған мәселелерден басқа қызметтеріне жалпы басшылық жасайды. Директорлар Кеңесінің мүшелері акционерлердің Жалпы жиналысымен акционерлер арасынан немесе басқа да Қоғамның акционері емес тұлғалар арасынан заңнамаға сәйкес құрамы үш (3) адам болып сайланады.

4.18. Директорлар Кеңесінің Төрағасы өз мүшелері арасынан директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санын ашық дауысқа салу арқылы көпшілік дауыспен сайланады.

Директорлар Кеңесі кез келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы.

Директорлар Кеңесінің Төрағасы Директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сонымен бірге қолданыстағы заңнамада және осы Жарғыда көрсетілген басқа да қызметтерді жүргізеді. Директорлар Кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның қызметін Директорлар Кеңесінің бір мүшесі Директорлар Кеңесінің шешімімен атқарады.

4.19. Қоғамның директорлар Кеңесінің артықшылықты құзырында:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) Жылдық және кезектен тыс акционерлердің Жалпы жиналысын шақырту туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның акцияларын орналастыру және жарияланған акциялар саны бойынша акциялардың орналастырылу құны туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларын және басқа да құнды қағаздарын заңнамада көрсетілген жағдайда сатып алу шешімін қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржылай есебін алдын ала бекіту;
- 6) Қоғамның облигациялар және бағалы қағаздар өнімін шығару шарттарын анықтау;
- 7) Президентті сайлау, сонымен бірге оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) Президенттің лауазымдық жалақысының мөлшерін және оған еңбек ақы және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
- 9) Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, Ішкі аудит қызметі қызметкерлері жалақыларының мөлшерін және оларға еңбек ақы және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;

10) Бағалаушы қызметінің және аудиторлық ұйымдардың жалақылары мөлшерін анықтау;

11) Қоғамның қорлық капиталын пайдалану тәртібін анықтау;

12) Қоғамның ішкі әрекеттерін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғам әрекетін ұйымдастыру мақсатында Президент қабылдаған құжаттардан басқа);

13) Қоғамның филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу және олардың қызметтері бойынша ережелерді бекіту;

14) Қоғамның басқа да ұйымдар құру және олардың әрекеттеріне араласу туралы шешімін қабылдау

15) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталынан он және одан жоғары мөлшерге дейін ұлғайту;

16) Қоғамның тіркеушісін оның бұрынғы тіркеушісімен келісім-шарт тоқтатылған жағдайда сайлау;

17) Қоғам туралы немесе оның қызметтері туралы қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпия хабарламаларды анықтау;

18) Ірі келісім-шарттар немесе Қоғамның қызығушылығын тудырған мәмілелерге отыру туралы шешімдер қабылдау;

19) қолданыстағы заңнамаларда қарастырылған акционерлердің Жалпы жиналысы құзырына жатпайтын басқа да мәселелер. Директорлар Кеңесінің айырықша құзырына енгізілген мәселелер Қоғамның Президентіне шешім қабылдауға жіберілмейді.

4.20. Директорлар Кеңесінің өкілеттігінің мерзімі акционерлердің Жалпы жиналысымен белгіленеді және директорлардың жаңа Кеңесі сайланатын акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілер сәтінен бастап тоқтатылады. Акционерлердің Жалпы жиналысы директорлар Кеңесінің барлық немесе кейбір мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуына құқылы.

Директорлар Кеңесі мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату өздерінің бастамасымен директорлар Кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүргізіледі.

Директорлар Кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі директорлар Кеңесінің ол туралы хабарламасын алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылған дауыс беруші акциялардың көпшілік дауысымен жүргізіледі, бұл жағдайда директорлар Кеңесі мүшелерінің осы құрамының өкілеттігі тұтас директорлар Кеңесінің өкілеттігі мерзімімен бірге тоқтатылады.

4.21. Директорлар Кеңесінің отырысы оның Төрағасы бастамасымен немесе директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің, Қоғамның ішкі аудит Қызметі, Қоғамның аудит жүргізетін аудиторлық ұйымы немесе ірі акционер талабымен шақырылуы мүмкін.

Директорлар Кеңесі отырысын шақырту туралы талап директорлар Кеңесі Төрағасына жазбаша түрде директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібін хабарлау арқылы ұсынылады.

Директорлар Кеңесі Төрағасы отырысты шақыртудан бас тартқан жағдайда бастамашы осындай талаппен Президентке бара алады, ол директорлар Кеңесін шақыртуға міндетті.

Директорлар Кеңесі отырысын Директорлар Кеңесінің Төрағасы немесе Президент шақырту туралы талап түскеннен кейінгі он күн ішінде шақыруы тиіс.

Директорлар Кеңесі отырысын өткізу, оның күн тәртібі туралы жазбаша хабарлама Директорлар Кеңесі мүшелеріне отырыстан үш күн бұрын жіберілуі қажет.

Директорлар Кеңесі отырысын өткізу туралы хабарламада оның болатын мерзімі, уақыты, өткізілетін мекен-жайы, күн тәртібі көрсетіледі.

Директорлар Кеңесінің мүшесі Президентті алдын ала Директорлар Кеңесі отырысына қатыса алмайтыны туралы хабардар етуі қажет.

4.22. Директорлар Кеңесі отырысын өткізуге директорлар Кеңесі мүшелерінің жартысы қатысуы шарт. Егер директорлар Кеңесі мүшелерінің саны жартыдан кем болса,

Қоғамның жаңа директорлар Кеңесін сайлау мақсатында Қоғам кезектен тыс акционерлердің Жалпы жиналысын шақыртуға міндетті. Директорлар Кеңесінің қалған мүшелері кезектен тыс осындай акционерлердің Жалпы жиналысын шақыртуға шешім қабылдауға құқылы.

Директорлар Кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа құқылы. Директорлар Кеңесінің шешімі отырысқа қатысқан директорлар Кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда директорлар Кеңесі Төрағасының дауысы шешуші роль атқарады.

Директорлар Кеңесінің сырттай отырысының қабылдаған шешімі жазбаша түрде ресімделеді және директорлар Кеңесі мүшелерінің қолы осы шешімді қабылдауға жеткілікті болған жағдайда дұрыс болып саналады.

Директорлар Кеңесінің көзбе көз отырысының қабылдаған шешімі хаттамаланады, оны отырыста төраға болған адам және директорлар Кеңесінің хатшысы отырыс өткеннен кейін үш күн мерзім ішінде әзірлейді және қол қояды.

Директорлар Кеңесінің хаттамасы және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған директорлар Кеңесінің шешімдері қоғамның мұрағаттарында сақталады.

Директорлар Кеңесінің хатшысы директорлар Кеңесі мүшесінің талабымен оған директорлар Кеңесі отырысының хаттамасымен және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдермен танысуына ұсынуға және хаттамадан және шешімнен үзіндіні Қоғамның директорлар Кеңесінің Төрағасы қолымен растап, Қоғамның мөрін басып беруге міндетті.

4.23. Қоғамның Атқарушы органы болып Президент саналады, ол Қоғамның директорлар Кеңесімен сайланады. Президент Қоғамның ағымдағы қызметтеріне басшылық жүргізеді және акционерлердің Жалпы жиналысы мен директорлар Кеңесінің құзырындағы мәселелерден басқа осы қызметтерге байланысты барлық мәселелерді шеше алады.

Президент акционерлердің Жалпы жиналысы мен директорлар Кеңесі алдында есеп береді.

Президенттің қызметтері, құқығы және міндеттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама актілерімен, осы Жарғымен, директорлар Кеңесі бекіткен Ережелермен, сонымен бірге осы адамның Қоғаммен жасаған жеке еңбек келісім-шартымен анықталады. Қоғам атынан Президентпен жасалатын жеке еңбек келісім-шартына директорлар Кеңесінің Төрағасы немесе Жалпы жиналыспен оған өкілеттік берген тұлға немесе директорлар Кеңесі қол қояды.

4.24. Президент:

- 1) Қоғамның жұмысына жедел басшылық жасайды;
- 2) Қоғам атынан сенім хатсыз үшінші жақпен қарым-қатынас жасайды;
- 3) Сенім хаттар береді, оның ішінде үшінші жақпен қарым-қатынаста Қоғам мүддесін жақтауға құқық беретін сенім хаттарды қайталап бере алады;
- 4) Акционерлердің Жалпы жиналысының және директорлар Кеңесінің назарына қажетті материалдар мен ұсыныстарды дайындау жұмыстарын жүргізеді және осы органдардың қабылдаған шешімдерін орындауды қамтамасыз етеді, Қоғам қызметкерлерінің құзырын анықтайтын қызметтік және басқа нұсқаулықтарға қол қояды;
- 5) Шаруашылық сипаттағы бұйрықтарға қол қояды;
- 6) Қоғамның қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босатуды жүргізеді, оларға марапаттайды және тәртіптік пара қолданады, еңбек ақы төлеу жүйесін анықтайды, Қоғамның штаттық кестесіне сай қызметтік еңбек ақы мөлшерін белгілейді, Қоғам қызметкерлеріне сыйақы беру мөлшерін анықтайды (Қоғамның ішкі аудит қызметінен басқа);
- 7) Қоғамның банкте және басқа да несиелік ұйымдарда есеп-шотын ашады, сонымен бірге банк және басқа ұйымдар арқылы қаржылық, бухгалтерлік және басқа да төлемақы және материалдық және ақшалық қаржыны алуға арналған құжаттарға қол қояды;
- 8) Қоғамның мүлкін қолданыстағы заңнамаға сай пайдаланады;

- 9) Қоғамның бөлімшелерінің штатын, құрылымын анықтайды және бекітеді, кадрлерді таңдау, орналастыру және қайта даярлау мәселелерін шешеді;
- 10) Ұжымдық келісімге қол қояды;
- 11) Қоғамның қызметтерін реттейтін, сонымен бірге ішкі еңбек тәртібі Ережелері, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы Ережелерді және Қоғамның басқа да локальды құжаттарын бекітеді;
- 12) Ол болмаған жағдайда міндеттерін атқару оның орынбасарына жүктеледі;
- 13) Акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар Кеңесі шешімдері бойынша басқа да қызметтер атқарады;

4.25. Қоғамның Вице-Президенті Президенттің тапсыруымен Қоғамның жеке қызметтері түрлеріне басшылық жасайды. Вице-Президенттің басшылық аясы Ережелермен, Президент бұйрықтарымен, немесе осы лауазымдық тұлғалардың құқығы мен міндеттерін анықтайтын сенім хаттармен анықталады.

Қоғамның басқарма, бөлімдер және басқа да бөлімшелер басшылары бөлімшелер туралы Ережелермен, лауазымдық нұсқаулармен, Қоғам бойынша бұйрықтармен, Президент қол қойған сенімхаттармен өкілеттікті иеленеді.

4.26. Ішкі аудит қызметі Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметтеріне бақылау жасайды және Қоғамның директорлар Кеңесімен құрамы үш мүшеден кем емес болып құрылады.

Ішкі аудит қызметі қызметкерлері директорлар Кеңесі құрамына сайлана алмайды.

Ішкі аудит қызметі тікелей Қоғамның директорлар Кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы бойынша есеп береді. Директорлар Кеңесі ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің жұмыс тәртібін, олардың еңбек ақысын, сыйақы төлеу тәртібін және оның мөлшерін анықтайды. Қоғамның ішкі аудит қызметі мүшелерімен жасалатын жеке еңбек келісім-шартына директорлар Кеңесі шешімінің келісімімен Президент қол қояды. Директорлар Кеңесі Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы Ережені бекітеді.

Ү. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІН АУДИТОРЛЫҚ ТЕКСЕРУ

5.1. Қоғамның бухгалтерлік есебін, алғашқы құжаттарын және басқа да қызметтері туралы ақпараттарда аудиторлық тексеруді аудиторлық қызметтер туралы заңнамаға сәйкес аудитор өткізуге құқылы және заң талаптарына сәйкес келетін аудиторлық ұйымдар (аудиторлар) жүргізе алады.

5.2. Қоғам жылдық қаржылық есеп беру аудитін жүргізуге міндетті.

5.3. Қоғам аудиті директорлар Кеңесінің, Президент бастамасымен Қоғам есебінен немесе ірі акционер талабымен оның есебінен жүргізілуі мүмкін.

5.4. Егер атқарушы орган Қоғам аудитін өткізуден бас тартса, аудит осы мәселені көтерген тұлға талабы бойынша сот шешімімен тағайындалады.

Аудиторлық ұйым (аудитор) тексеру қорытындысы мен өз қорытындысын директорлар Кеңесі мен Президентке ұсынатын есебінде көрсетеді.

ҮІ. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1 Қоғам акционерлері осы Жарғының басқа тармақтарында көрсетілген құқықтардан басқа:

- Қоғамды осы Жарғыда көрсетілген тәртіпте және қолданыстағы заңнамаларға сәйкес басқаруға қатысуға;
- Дивидендтер алуға;

- Қоғамның қызметтері туралы хабарлама алуға, сонымен бірге Қоғамның қаржылық есептерімен акционерлердің Жалпы жиналысы мен осы Жарғыда айтылған тәртіпте танысуға;

- Тіркеушіден немесе номиналь ұстаушыдан бағалы қағаздарға меншікті растайтын үзінділерді алуға;

- Қоғамның акционерлердің Жалпы жиналысына Қоғамның директорлар Кеңесіне сайлауға кандидаттарды ұсынуға;

- Сот арқылы Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді даулауға;

- Қоғамға жазбаша түрде оның қызметтері туралы талап қоюға және Қоғамнан талап хат түскеннен кейін отыз күн ішінде негізделген жауап алуға;

- Қоғам таратылғаннан кейін қалған мүліктің бөлігіне;

- Қоғамның акцияларын артықшылықты сатып алуына құқығы.

Қоғамның он және одан көп акцияларына ие ірі акционер:

- Қоғамнан кезектен тыс акционерлердің Жалпы жиналысын шақыртуды талап етуге немесе директорлар Кеңесі одан бас тартқан жағдайда жиналысты шақырту туралы сотқа шағымдануға;

- Директорлар Кеңесіне қолданыстағы заң актілеріне сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

- Директорлар Кеңесі отырысын шақыртуды талап етуге;

- Аудиторлық ұйымдардың Қоғамның аудитін өз есебінен жүргізуді талап етуге;

6.2. Қоғам акционері міндетті:

- акцияны Қоғамның құрылтайшы құжаттарында қарастырылған тәртіпте және қолданыстағы заңнамаға сәйкес төлеуге;

- он күн ішінде өзіне тиесілі акциялар өзгерісі туралы Қоғамның акцияларын тіркейтін тізілімге өзгерту енгізу үшін, тізілім немесе номиналь ұстаушыларға хабарлама беруге;

- Қоғам немесе оның қызметтері туралы құпия, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын хабарламаны жарияламауға;

- Заңнамаларға сәйкес басқа да міндеттерді орындауға.

ҮІІ. ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ ТӘРТІБІ. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР.

7.1. Қолданыстағы заңнамаларға сәйкес салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдерді төлеген соң қалған Қоғамның таза пайдасын бөлу тәртібі акционерлердің Жалпы жиналысында бекітіледі.

Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша таза табыстың Қоғамның жалпы қажеттіліктеріне жұмсалғаннан қалған бөлігі акционерлер арасында дивиденд ретінде бөлінеді.

7.2. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді ақпалай немесе бағалы қағаздар түрінде жыл қорытындысы бойынша төлеу туралы шешім акционерлердің Жалпы жиналысында жай дауыс беруші акциялар иелерінің көпшілік дауысымен қабылданған жағдайда төленеді. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеуге акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі қажет емес.

Артықшылықты акциялар жыл қорытындысы бойынша Қоғамның таза пайдасына байланысты бір акцияға шаққанда 50 (елу) тенге көлемінде тұрақты дивиденд алуға құқық береді. Таза пайда жеткіліксіз болған жағдайда дивидендтер Қорлық капиталдан төленеді.

Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді құнды қағаздармен төлеу қоғамның жарияланған акциялары арқылы акционердің жазбаша келісімі болған жағдайда жүргізіледі.

Дивиденд алуға құқылы акционерлердің тізімі дивиденд берудің қарсаңындағы дата бойынша құрастырылуы қажет.

Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алмаған акцияларға дивиденд есептелмейді және төленбейді.

Акциялар бойынша дивидендтер төлеу төлем жүргізетін агент арқылы жүзеге асырылады.

Жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер меншіктік капиталдың мөлшерінен кем болғанда немесе Қоғамның меншіктік капиталы акциялар төлеу барысында азайғанда, егер Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес төлем төлеуге қабілетсіз және банкроттыққа ұшыраған немесе көрсетілген белгілер Қоғамда акциялар бойынша дивидендтер төлеу барысында пайда болса, сонымен бірге сот арқылы немесе акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен Қоғам таратылады деген шешім қабылданған жағдайда дивидендтер төленбейді.

7.3. Жыл қорытындысы бойынша бір акция бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім, дивидендтер мөлшерін және оны төлеу мерзімін бекітуді акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы шешеді.

Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

7.4. Акционер Қоғамның пайда болған берешек қарыздарының мерзіміне байланыссыз төленбеген дивидендтерді талап етуіне құқылы.

ҮШ. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРГЕ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ

8.1. Акционерлердің мүддесі бойынша ақпаратты атқарушы орган акционердің жазбаша талабы бойынша 30 (отыз) күн ішінде ұсынады. Акционер жазбаша түрде жоғарыда көрсетілген хабарламадағы Қоғамның қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құпияларды жарияламауға міндеттеме алады.

8.2. Үш жұмыс күні ішінде атқарушы орган акционердің талабы бойынша Қоғамның Жарғысының көшірмесін береді.

8.3. Акционерлерге Қоғамның қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құпиялары бар құжаттар берілмейді.

Қоғамның қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құпиялары бар ақпараттарды беруге шектеуді Қоғамның директорлар Кеңесі белгілейді.

8.4. Құжаттардың көшірмесі үшін төлемақы мөлшерін атқарушы орган белгілейді және ол көшірмені дайындауға, оны акционерге жеткізуге кеткен шығындардан аспауы керек.

ІХ. ҚОҒАМНЫҢ ЖҮРГІЗЕТІН ЕСЕБІ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ

9.1. Қоғамның есептік қаржылық жылы 1 қаңтардан басталып 31 желтоқсанмен аяқталады.

9.2. Қоғамның қаржылық есебіне Қоғамның бухгалтерлік балансы, кіріс пен шығын, ақша қозғалысы туралы есеп және бухгалтерлік есеп және туралы қолданыстағы заңнамаларға сәйкес басқа да қаржылық есептер енеді.

Президент Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізуді ұйымдастырады және қолданыстағы бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру және бухгалтерлік есеп стандарттары туралы заңнамаларға сәйкес қаржылық есепті құрастырады, сонымен бірге қолданыстағы заңнамаларға сәйкес оларды бұзғаны үшін жауапкершілік тартады.

9.3. Президент жыл сайын Қоғамның акционерлердің Жалпы жиналысына өткен жыл бойынша қаржылық есепті талқылауға және бекітуге ұсынады.

Қоғамның жылдық қаржылық есебі Қоғамның директорлар Кеңесімен алдын ала Қоғамның акционерлердің Жалпы жиналысынан отыз күн бұрын бекітілуі тиіс.

Қоғамның жылдық қаржылық есебін ақырғы рет бекіту акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында қаржылық есептің аудиті өткен соң және аудиторлық ұйыммен (аудитормен) есеп берілгеннен кейін жүргізіледі.

9.4. Қоғам қаржылық есепті заңнамада белгіленген нұсқада және мерзімде акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы бекітісімен баспасөз беттерінде жариялайды.

**X. ҚОҒАМНЫҢ
(ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ) ҚЫЗМЕТТЕРІН ТОҚТАТУ**

10.1. Қоғамның қызметтерін тоқтату қайта құру не болмаса тарату арқылы жүргізіледі.


10.2. Қоғамды қайта құру (біріктіру, қосу, бөлу, бөлініп шығу, өзгеруі) Қоғамның акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен заңнамаға сәйкес тәртіпте жүргізіледі.


10.3. Қоғам:

- 1) Қоғамның акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен;
- 2) Сот шешімімен;
- 3) Заңнамада көрсетілген басқа да жағдайлармен таратылады.

10.4. Қоғамды таратуды Жалпы жиналыс немесе сот тағайындаған тарату комиссиясы жүргізеді. Тарату комиссиясы тағайындаған сәттен бастап оған Қоғамның өрекеттерін басқару өкілеттігі кіреді.

10.5. Тарату жұмыстары қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жүргізіледі.

Өкілетті тұлға  Привалов В.В.



Зарегистрирован:

Утвержден:
Общим собранием акционеров
от «9» августа 2004 года

**УСТАВ
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«Шубарколь комир»**

**Караганда
2004 год**

Настоящий Устав разработан в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и определяет правовые основы организации и функционирования Акционерного общества «Шубарколь комир» в соответствии с законодательством Республики Казахстан, в дальнейшем именуемого «Общество».

I. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ.

1.1. Полное и сокращенное фирменное наименование Общества:

а) на казахском языке: "Шұбаркол көмір" Акционерлік қоғамы, "Шұбаркол көмір" АҚ;

б) на русском языке: Акционерное общество "Шубарколь комир", АО "Шубарколь комир";

в) на английском языке: Joint-Stock Company "Shubarkol komir", JSC "Shubarkol komir".

1.2. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан (далее - законодательство), имеет самостоятельный баланс, расчетные и иные счета в банках по своему усмотрению, имеет печать с указанием своего официального наименования на казахском и русском языках.

1.3. Акционерами Общества могут быть иностранные и казахстанские юридические и физические лица, которые приобретают в установленном порядке акции Общества.

1.4. Общество вправе участвовать в уставных капиталах других юридических лиц на территории Республики Казахстан и за ее пределами, в соответствии с законодательством.

1.5. Общество в процессе осуществления своей деятельности руководствуется Конституцией и законодательством Республики Казахстан, а также настоящим Уставом, решениями Общего собрания акционеров, Совета директоров Общества, принимаемыми в установленном законом порядке.

1.6. Общество несет ответственность по своим обязательствам, в том числе перед своими контрагентами, в пределах своего имущества.

Общество не несет ответственности по обязательствам своих акционеров.

Акционеры Общества не отвечают по обязательствам Общества и несут риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих им акций Общества, за исключением случаев, предусмотренных законодательством. Акционер не обладает правами на отдельные объекты, входящие в состав имущества Общества, в том числе - и на объекты, внесенные этим акционером.

Общество не несет ответственности по обязательствам государства, равно как и государство не отвечает по его обязательствам, за исключением случаев, когда Общество или государство принимают на себя такую ответственность.

1.7. Общество в установленном законом порядке вправе открывать свои дочерние компании, филиалы и представительства как на территории Республики Казахстан, так и за ее пределами.

